

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**«ГЕОГРАФИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫ МАТЕРИАЛДАР**

**АНАЛИТИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ
ПО ОБУЧЕНИЮ ПРЕДМЕТУ «ГЕОГРАФИЯ»**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 17 сәуір № 3 хаттама).

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 17 апреля 2015г.).

«География» пәнін оқыту бойынша талдамалы материалдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. 106– б.

Аналитические материалы по обучению предмету «География». – Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2014. 106 – с.

Талдамалы материалда жалпы білім беретін мектептердегі география пәні оқу бағдарламаларының, оқулықтарының, оқушылардың білім сапасының, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар нәтижелерінің талдауы, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жұмысы, педагогикалық тәжірибе мен инновациялар туралы деректер берілген.

Басылым білім беру басқармалары өкілдеріне, білім беру мекемелері мұғалімдеріне, біліктілікті арттыру институттары басшыларына, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен авторларына арналған.

В аналитическом сборнике отражен материал состояния обучения предмету «География» в общеобразовательных школах за 3 года, описаны уровни подготовки учащихся, методика и практика обучения, опыт и инновации.

Издание адресовано работникам организаций образования, институтам повышения квалификации учителей, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жастарға білім беруді жетілдіруге айрықша көңіл бөлінген. Елбасы: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы аса маңызды» - деп атап көрсеткен болатын [1].

Мемлекеттік саясатымыз еліміздің экономикасын жақсарту және одан әрі өсіру үшін білім беру саласына ерекше назар аударып отыр. Сондай-ақ, адам капиталын қалыптастыруды, атап айтқанда, өздігінен және шығармашылық тұрғыда кәсіби міндеттерді шеше алатын, қызметтің тұлғалық және қоғамдық мәнін саналы түрде ұғынатын, оның нәтижесіне жауап бере алатын құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жаңарту негізгі бағыт болып анықталған. Сондықтан қазіргі кездегі қоғамның дамуына тән сипат білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады, бұл өз кезегінде өзін-өзі жүзеге асыруға, басқаруға, реттеуге, қоршаған ортада әлеуметтенуге қабілетті тұлға тәрбиелеумен, заманауи өркениеттегі адам рөлінің жоғарылауымен байланысты және тұлғаның дамуына ықпал ететін өзіндік ішкі механизмдері: өзін-өзі тану, анықтау, мен дамытуды белсендендіру – білім беру үдерісінің басты мақсаты болып табылады. Жалпы орта білім беру сапасын арттыру мақсатында білім беру жүйесінің даму бағыттарын, даму траекториясын айқындау және соның негізінде күтілетін нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғысынан қол жеткізуге бағытталған білім беру жүйесін жетілдірудің қажеттілігі арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, «География» пәні «Жаратылыстану» білім саласына енгізілген мектептің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде міндетті түрде оқытылатын пән. «География» пәнінің білім мазмұны оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Бұл талдамалы материалда еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне арналған география пәні бойынша:

- 1) оқу материалдарын талдауды;
- 2) оқушылардың дайындық деңгейін;
- 3) пән бойынша білім берудің жағдайын;
- 4) географияны оқытудың әдістемесі мен тәжірибесіндегі инновациялар - ды зерделеу және анықтау мақсаты көзделген.

1 Жалпы білім беретін мектептердегі география бойынша оқу материалдарын талдау

Елбасы 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Аталған міндет Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру процесінде де маңызды болып табылады. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады [2].

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [2].

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру ұйымдарының іс-әрекеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес бекітілген [3].

Орта білімді ресурстық қамтамасыз етудің негізгі элементтері МЖББС – типтік оқу жоспарлары – оқу бағдарламалары – оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру үдерісі 2012 жылы 8 қарашада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекіткен №500 бұйрығына сәйкес типтік оқу жоспарлары (әрі қарай – ТОЖ) негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес типтік оқу жоспарында пәнді оқуға бөлінетін міндетті және вариативтік сағат саны анықталған.

2010 және 2012 жылдардағы ТОЖ салыстырмалы талдауы негізгі орта білім деңгейінде апталық оқу жүктемесінің 6-сыныпта 0,5 сағатқа және 9-сыныпта 1 сағатқа ұлғайғанын, жалпы орта білім деңгейінде өзгеріссіз қалғанын көрсетеді (1-кесте).

1-кесте – Жалпы орта білім деңгейіндегі типтік оқу жоспарларының салыстырмалы кестесі

Сыныптар	Сыныптар бойынша апталық сағат саны	
	ТОЖ (2010 ж)	ТОЖ (2012 ж)
6	1,5	2
7	2	2
8	2	2
9	1	2
10 ЖМБ	2	2
10 ҚГБ	1	1
11 ЖМБ	2	2
11 ҚГБ	1	1

6-сыныпта географияның бастапқы курсы оқу жүктемесін 0,5 сағатқа ұлғайту оқушылардың білік және дағдыларын дамыту қажеттілігімен сипатталады.

9-сыныпта Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік география курсы менгеруге бөлінген оқу жүктемесінің 1 сағатқа артуы (аптасына 2 сағат), функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған практикалық жұмыстар мен тапсырмалар көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Республикамыздың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу үдерісі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында айқындалған мақсат және міндеттерге сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 9 шілдедегі № 367 бұйрығымен бекітіліп, 2010 жылдың 1-қыркүйегіндегі және 2013 жылғы 3-сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітіліп 2013 жылдың 1-қыркүйегінен қолданысқа енгізілген оқу бағдарламалары «География» пәнін оқытудың мазмұндық, құрылымдық және әдістемелік талаптарына сай ұсынылған.

Жаңа оқу бағдарламаларын әзірлеуге негіздеме болған проблемалар:

- 1) жүйелік іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру арқылы практикаға бағдарланған іс-әрекетті күшейту;
- 2) білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- 3) білім беру деңгейлері бойынша оқу материалдарын қайта бөлу және пәнаралық кіріктіруді күшейту жолымен пән мазмұнын жүйелеу;
- 4) жалпы орта білім мазмұнын бейіндік бағытын және саралауды күшейту;
- 5) қазақстандық компонентті күшейту;
- 6) тәрбие әлеуетін күшейту;
- 7) практикалық, жобалық зерттеу жұмыстарын және эксперименттік тапсырмалардың көлемін көбейту;

8) бағдарламаға заманның талабына сай әлемдік жаңалықтары мен Қазақстан қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы материалдарын енгізу [4].

Аталған мәселелерді негізге ала отырып, бағдарламаға сәйкес өзгерістер енгізілді (2-кесте).

2-кесте – География пәнінің 2010 және 2013 жылғы оқу бағдарламаларының салыстырмалы талдамасы

2010 жылғы бағдарлама	2013 жылғы бағдарлама
1	2
6-сынып	
Жылына 51 сағат, аптасына 1,5 сағат	Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат
6-сыныптағы «География» пәнінде бастапқы география курсы оқытылады, яғни оқушылар «география» ғылымының негізімен танысады	
Бағдарламада 9 практикалық жұмыстың тақырыбы анықталған, алайда бұл жұмыстарды орындауға уақыт бөлінбеген	Оқу жүктемесінің 0,5 сағатқа артуы, функционалдық сауаттылық негіздерін қалыптастыру қажеттілігінен туындады. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында берілген тапсырмаларды орындау барысында «Жергілікті жердің планын түсіру», «Өз өлкесінің ауа-райы жайлы материалдарды өңдеу және талдау», «Өз өлкесінің табиғат зонасына сипаттама жасаудың жоспары және шығармашылық сипаттама» тақырыптарына практикалық жұмыстар орындау арқылы өлкетану компонентін жүзеге асыруды көздейді
7-сынып	
7-сыныпқа арналған «География» пәнінде дүние жүзінің материктері мен мұхиттарының физикалық географиясы оқытылады.	
Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат	Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат
Мұхиттарды оқуға сағат қарастырылмаған. Материктерді оқу Еуразия материгінен басталады	«Дүниежүзілік мұхит» бөліміндежер бетіндегі мұхиттарды жеке-жеке оқып-зерделеу мүмкіндігі берілген. «Жеңілден қиынға» дидактикалық ұстанымына сәйкес, материктерді оқу Африкадан басталады, одан кейін Аустралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка және Еуразия оқытылады. Материктердегі аймақтар мен елдерге қатысты материалды оқыту барысында Қазақстан Республикасымен қарым-қатынас сұрақтары қарастырылады, яғни қазақстандық компонент ескерілген.
8-сынып	
Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат	Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат
8-сыныптағы «География» пәнінде Қазақстанның физикалық географиясы оқытылады.	

Бағдарламалардың базалық мазмұнында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Алайда соңғы бағдарламада практикалық жұмыстар нақты сұрақтарды қарастыруымен және өлкетану материалдарын қамтуымен ерекшеленеді.	
9-сынып	
Жылына 34 сағат, аптасына 1 сағат	Жылына 68 сағат, аптасына 2 сағат
9-сыныптағы «География» пәнінде Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы оқытылады. Негізгі орта мектеп оқушылар еліміздің шаруашылығымен танысады.	
Еліміздің экономикалық және әлеуметтік географиясын оқуға уақыт аз бөлінген. Практикалық жұмыстардың мазмұны нақты берілмегендіктен, талдаулар мен салыстыруларды Қазақстанның барлық аумағына жасау қажет болды. Бұл өте күрделі және оқушылардың қызығушылықтарын төмендетеді	Апталық сағат санының артуы нәтижесінде Қазақстан аумақтарының шаруашылығы мен әлеуметтік жағдайын ауқымды қарастыру мүмкіндігін береді. Бағдарламаның практикалық бөлімі жекелеген аумақтар мен нысандарды салыстыруға арналған нақты тапсырмалар енгізу арқылы күшейтілген. Қазақстан экономикасы, аймақтардың даму ерекшеліктері, еліміздің шаруашылығындағы инновациялық өзгерістер, экономика дамуының нарықтық, аралас модельдері туралы білім мен көзқарасты қалыптастыруға жағдай жасалған.
	Негізгі орта мектептің 6-9-сыныптарына арналған «География» пәнінің оқу бағдарламаларында әр бөлімнің сонында практикалық жұмыстарды орындауға арнайы сағат бөлінген. Бағдарламада берілген барлық практикалық іс-әрекеттер тәжірибелік дағдыларды дамытушы және қалыптастырушы болып табылады, міндетті түрде бағаланатын практикалық жұмыстар бөліп көрсетілген.
Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	
6-7-сынып, 8-9-сынып және 10-11-сынып оқушылары үшін ортақ талаптар әзірленген	6, 7, 8, 9, 10, 11-сынып оқушылары үшін талаптар жеке-жеке әзірленген
	Оқушылардың әр түрлі практикалық іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылатын жүйелі-әрекеттік нәтижелер әзірленген.

«Жалпыдан жекешеге» қағидасын ұстана отырып, 10-11-сыныптардың оқу бағдарламасында алдымен жалпы географиялық, содан соң аймақтық заңдылық сұрақтары қарастырылады. Оқу бағдарламасы тарихи-географиялық және елтануға бағытталып әзірленді, бұл қазіргі заманның әлемдік және аймақтық экономикалық-географиялық ерекшеліктері мен заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді.

10-сыныпқа арналған жаратылыстану-математикалық бағытындағы бағдарламаға «Тарихи-географиялық аймақтар» тақырыбы енгізілді. Дүние жүзінің саяси картасы тарихи-географиялық аймақтарды оқудан басталады. Жекелеген тақырыптарды оқудың реті өзгертілді, мысалы, алдыңғы тақырыппен логикалық байланысты «Дүние жүзінің халқы» тақырыбы, содан соң «Табиғат ресурстары» оқытылады. Ал, «Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) және дүние жүзілік шаруашылық» тақырыбының маңыздылығы ескеріліп, бөлек берілді. Орталық Азия аймағы 10-сынып бағдарламасының

соңғы тақырыбы болғандықтан, бірізділікті сақтау мақсатында 11-сынып бағдарламасының мазмұны Азия елдері мен аймақтарын оқудан басталады, содан соң Еуропа, Америка, Африка, Аустралия мен Мұхит аралдары қарастырылады. Антарктика мен Антарктида тақырыбын оқуға бір сағат бөлінеді.

Дүниежүзі экономикасында елеулі орын алатын жетекші елдер тақырыптарының мазмұнында экономикалық-географиялық сипаттама беріледі, бұл елдердің Қазақстан Республикасымен экономикалық қарым-қатынасына ерекше көңіл аударылған.

Оқушыны тұлғалық, дүниетанымдық дамыту міндеттері «Адамзаттың ғаламдық проблемалары және оларды шешу жолдары» бөлімінде табиғат, қоғам және экономиканың өзара күрделі қатынастарын оқу және талдау барысында жүзеге асады.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарлама дүниежүзі шаруашылығының тарихи, өндірістік өзгеріс кезеңдері, қазіргі кездегі ғылыми жетістіктерге негізделген экономикалық жүйе және ғылыми-техникалық революция туралы білімді дамытуға бағытталған. ТМД және Шығыс Еуропа елдерін оқу барысында ХХ ғасырдың аяғында Еуразияның саяси картасындағы өзгерістерге себеп болған қоғамдық-тарихи және экономикалық үдерістерге талдау жасайды [5].

Оқу бағдарламасында әр түрлі практикалық іс-әрекеттер арқылы жүзеге асатын жүйелі-әрекеттік нәтижелер, пәндік нәтижелер (оқушылар білуі тиіс, орындай алуы тиіс) және тұлғалық нәтижелер көрсетілген.

Жалпы білім беретін мектептерде «География» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, табиғат, қоғам және экономиканың жүйелі байланысы туралы, саналы бірлестігі бар ғажайып ғаламшар ретіндегі Жер туралы түсініктерін және көзқарастарын дамыту, Қазақстан Республикасының әсем табиғаты және экономикасының ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру, функционалдық сауаттылықты және жүйелі-кешенді немесе «географиялық» сананы дамыту [5].

Сонымен, «География» пәні бойынша 2010 және 2013 жылы әзірленген оқу бағдарламаларының айырмашылығы: 6-шы және 9-шы сыныптардағы сағат санының артуында. Практикалық жұмыстар оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдыларын, яғни функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Пәннің мазмұнында қазақстандық компонент кеңейтілген, тәрбиелік мәніне назар аударылған, тәжірибелік, жобалық-зерттеушілік тапсырмалардың саны арттырылып, заманауи әлеуметтік-экономикалық жаңартуға әсер ететін жаңа материалдар қосылып, оқу материалдарын іріктеу және пәнаралық кіріктірілуін нығайту бағытында жүйеленген.

TIMSS халықаралық зерттеулері мен Қазақстанның бастауыш және негізгі орта мектептерінің жаратылыстану білім саласы бойынша оқу бағдарламаларының салыстырмалы талдауы халықаралық зерттеудің тест тапсырмаларының кейбір тақырыптары еліміздің бастауыш және негізгі орта

мектептерінде оқылатындығын көрсетті. Бірақ қазақстандық мектеп білімінің мазмұны шамадан тыс «теорияландырылған» деген сипаттамаға ие. Білім берудің жаңа бағдарламаларын және кіріктірілген курстар енгізген елдер жақсы нәтижелер көрсеткен [6].

«Жалпы білім беретін мектептердің 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық зерттеулерінің нәтижелері» Ұлттық есебінде Қазақстан мектептері оқушыларының халықаралық зерттеулерге дайындық деңгейіне талдау жасалған. TIMSS тапсырмаларының мазмұндық блогында география пәнінен тестік тапсырмалар 20%-ды құрайды. Оқушылар Жердің құрылысы және физикалық сипаттамасы, үдерістері мен кезеңдері, Күн жүйесіндегі орны туралы білімдерін көрсетулері тиіс. География саласы геология, астрономия, метеорология, гидрология, мұхиттану тақырыптарын қамтиды. TIMSS-2011 «Science Framework» құрылымдық құжатында аталған сала бойынша келесі тақырыптарды бағалау белгіленген: 1-құрылымы және физикалық ерекшеліктері, 2-Жердің үдерістері мен кезеңдері, ресурстары, оларды тиімді пайдалану, 3-Күн жүйесіндегі және Галактикадағы орны т.б.

6-7 сыныпқа арналған оқулық материалдары бойынша білім алушылар қандай нәтиже көрсете алатынына тоқталайық.

Тест тапсырмаларының (ашық типті) орындалуын талдау барысында ғылыми-жаратылыстану дайындық деңгейінде оқушы жауаптарының логикалық ұсынымын бағалау көзделген. Тестке қатысушы еркін (өздігімен) жауап қайтаруы мүмкін. 7-сыныпқа арналған «География: материктер мен мұхиттар» оқулығында (авторлары: Ә.Бейсенова, С.Әбілмәжінова, К. Қаймулдинова, Алматы, «Атамұра», 2011 ж.) «Жер қыртысының құрылымы», «Жер бедері» тақырыптары жақсы баяндалған. Тапсырмаларды орындаудың пайыздық көрсеткіштерінің төмен болу себебі – сұрақтардың немесе жауаптардың стандартқа сәйкес құрастырылмауында. «Қолдану» әрекеті түрінің оқу-танымдық тапсырмалары, бұрын алынған білімді күнделікті өмірде қолдана білу, сонымен қатар логикалық ойлау мен пайымдау білігін бағалауға бағытталған. Тест тапсырмаларының тақырыптары 6-сыныпқа арналған «Физикалық география» курсынан бастап (авторлары: А.Б.Бірмағамбетов және К.Н. Мамырова, Алматы, «Атамұра», 2011 ж.) оқылады. 7-сыныпта «Географиялық қабық заңдылықтары» тақырыбын, «Биіктік белдеулерді» қарастыру барысында білімнің өзектілігі артады. Тест тапсырмасында «джунгли» ұғымы қолданылады. Сонымен қатар, қазақстандық мектептердің оқу бағдарламаларында «ылғалды экваторлық ормандар, «ауыспалы ылғалды (сонымен бірге муссонды) ормандар» ұғымдары да қолданылады. Қазақстан 9/10 аумағының жер бедері жазық болғандықтан және оқушылардың көпшілігі таулы жерде болмағандықтан, таулы өлкенің табиғатын бақылау тәжірибелері жоқ. Осы тақырыпқа сәйкес тапсырманы қазақстандық оқушылардың 24,3% жақсы орындаған. Оқу құралдарын әзірлеу барысында «қолдануға» арналған тапсырмаларды енгізуді ескеру қажет [6].

Орта білімді ресурстық қамтамасыз етудің негізгі элементтері – жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендер.

Оқулық – жалпы білім беретін мектептердің оқу үрдісіне мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және типтік оқу жоспары негізінде, сонымен бірге пән бойынша жүйелі түрде мазмұндалған, игеру міндетті оқу материалдары енгізілген негізгі кітап.

Оқу-әдістемелік кешен – мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде қолдануға және пәннің базалық мазмұнында көзделген білімді кеңейтуге, тереңдетуге және терең меңгеруге арналған оқу құралдарының кешені.

Оқу басылымдарының сапасы білім сапасын арттырудың ажырамас құрамдас бөліктері болып табылады және оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді. Осыған орай, оқулықтарды жетілдіру білім аясындағы басымдылыққа ие мемлекеттік міндеттердің бірі болып саналады. Нақты бағыт бойынша оқу әдебиетін әзірлеу, оны сараптау мен басылымнан шығару жүйесі сапалы түрде өзгеріске ұшырады, оқулықтар мен ОӘК-ді әзірлеу үрдісін әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз ету проблемасы қайта қаралып, оның өзектілігі арттырылды.

География пәнінің оқу басылымдары оқулық, оқыту әдістемесі, әдістемелік нұсқау, хрестоматия, мұғалім кітабы, оқушыларға арналған жұмыс дәптері, атлас (кескін карталар жинағымен бірге), дидактикалық материалдар, тест материалдары, аудиовизуалды және мультимедиялық құралдар, электронды оқулық, интерактивті тақтаға арналған электронды құрал, сыныптан тыс оқуға арналған қосымша әдебиеттер және басқалар болып бөлінеді.

Бүгінде республиканың жалпы білім беретін мектептерінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы № 515 бұйрығына» сәйкес оқулықтар мен ОӘК пайдаланылады [7].

Жалпы орта білім беретін мектептерде география пәнін оқытуға арналған қолданыстағы оқулықтар (негізгі және баламалы), оқу-әдістемелік кешендері мен құралдарын әзірлеу, сараптама жасау және басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережесіне сәйкес, келісілген міндетті тәртіптермен сараптамадан өткізіледі.

Оқулықтарды сараптау барысында оқулық материалдары мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, оқу бағдарламаларына сәйкестігі, оқыту сабақтастығының сақталуы, ғылыми негізділігі, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігі бағаланады.

Бұдан әрі бірнеше оқулықтың, оқу әдістемелік кешендердің сараптамалық сипаттамасы берілді, мысалы:

1. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығы. Авторлары: Е.Ахметов, Т.Увалиев, Қ.Ахметов. Алматы, «Мектеп» баспасы, 2014 жыл.

Аталған оқулықта оқу материалы жүйелі баяндалған, қазіргі әлемдегі оқиғаларды суреттейді. Халықаралық ұйымдарға, олардың дүниежүзілік шаруашылықтағы рөліне нақты баға береді, ғылыми, саяси және экономикалық ұғымдарды түсіндіреді. Оқу материалдарын іріктеу және баяндау барысында оқушылардың жас ерекшелігі мен дайындық деңгейі ескерілген. Ғылымилық және қол жетімділік принциптері сақталған, оқуға арналған мәтіндер логика тұрғысынан дәл мазмұндалған. Пәнішілік (физикалық география, материктер мен мұхиттар географиясы, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы) және пәнаралық (тарих, физика, химия) байланыс байқалады.

Бөлімдердің соңында параграфтың негізгі мәтінін толықтыратын қосымша мәтіндер берілген. Параграфтың ішінде де, қосымшада да материалды тереңірек меңгеруге көмектесетін кестелер, диаграммалар, сызбанұсқалар бар. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін көрнекі материалдардың атауы және түсініктемесі бар.

Оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдануға бағытталған іздеушілік, зерттеушілік, пікірталастық, жағдаяттық сұрақтар мен тапсырмалар жеткіліксіз. Балалардың болашақ мамандығын таңдауға кәсіби білім беретін тапсырмалар аз.

2. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған «География. Дүниежүзіне аймақтық шолу» оқулығы. Авторлары: Ә.Бейсенова, К.Қаймулдинова, С.Әбілмәжінова, Ж.Достай. Алматы, «Мектеп» баспасы, 2011 жыл.

Оқулық материалы жүйелі баяндалған, қазіргі әлемдегі оқиғаларды суреттейді. Оқу материалын мазмұндау барысында оқушылардың жас және психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері ескерілген, бұрын оқылған материалмен өзара сабақтастық сақталған. Мәтіндер сипаттау әдісі арқылы баяндалған, әр практикалық тапсырмаға түсініктеме материал берілген. Негізгі және түсініктеме мәтіндердің ара қатынасы нормаға сәйкес келеді.

Оқулықтағы тапсырмалардың басым көпшілігі білімді еске түсіруге арналған, қолдануға, пайымдауға бағытталған тапсырмалар мөлшері аз. Презентация мен көрсетілім жасауға, проблеманың шешімін іздеуге, түсіндіруге, қорытынды шығаруға арналған тапсырмалар санын көбейтуді қажет етеді.

3. «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныпқа арналған жұмыс дәптері. Авторы: Г.М.Түсіпбекова. «Мектеп» баспасы, 2014.

Құрал география пәнінің типтік бағдарламасы және жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына сәйкес әзірленген. География сабақтарында оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытады.

Жұмыс дәптері оқулық элементтерінің бірізділігін қамтиды. Оқу материалын сұрыптауда және баяндауда оқушылардың жас ерекшеліктері мен

дайындық деңгейлері ескеріледі, ғылымилық, логикалық ұстанымдар сақталған. Оқулықішілік және оқулықаралық байланыс қарастырылады.

Оқу материалының әдістемесі тапсырмалар, практикалық жұмыстар түрінде баяндалған. Кескін карталармен жұмыс тереңдетілген білім алудың қосымша көзі болып табылады. Ақпараттық құндылықты өзіне жинақтаған кестелер, диаграммалар, сызбалар берілген. Аталған құрал оқушылардың пән бойынша білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге ықпал етеді, зияткерлік қабілеттерін дамытады. Дегенмен, гипотезаларды жинақтауға, түсіндіруге, тұжырымдауға, функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар жетіспейді.

4. Жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» бойынша дидактикалық материалдар. Авторлары: Г.Утеева, С.Абсалямова, А.Утеева. «Мектеп», 2014.

Құрал география пәні бойынша білім берудің типтік бағдарламасына және жалпы білім беретін мектептердің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныбына арналған «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына сәйкес келеді.

Дидактикалық материалдар оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін, география пәніне қызығушылығын және білімді өз бетімен меңгеруге ұмтылыстарын арттырады. Оқу материалы бірізді және дұрыс баяндалған, үш деңгейлі тапсырмалар берілген. Оқу материалын сұрыптауда және баяндауда оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейлері ескеріледі. Өмір шындығына жақын мәселелер нақты қарастырылады. Этика, эстетика, қоғамтану, әдебиет, Қазақстан тарихы пәндерімен оқулықішілік және оқулықаралық, сонымен қатар пәнаралық байланыс қарастырылады.

Тестілік тапсырмалар және сұрақтар ойлау іс-әрекеттерін дамытуға ықпал етеді, қиын жағдайлардан шығуға көмектеседі, белсенділікті оятады, зияткерлік қабілеттерін дамытады және дұрыс жауаптарды іздеуге арналған білімнің жоғары деңгейін талап етеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар өте аз, бұл мәселе халықаралық мониторингтік зерттеулерге дайындықты сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр.

5. Жалпы білім мектептердің 7-сыныбына арналған «География. Материктер мен мұхиттар» оқулығы. Авторлары: Ә.Бейсенова, С.Әбілмәжінова, К.Қаймулдинова. Алматы «Атамұра» 2012 ж.

Оқулықтың мазмұны оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленген. Оқулықтың теориялық материалы анық, нақты және түсінікті, суреттермен, сызбалармен, кестелермен, түсініктеме мәтіндермен бекітілген. Ұғымдық, фактологиялық қателер жоқ. Оқу басылымының мазмұны оқушыларға экологиялық тәрбие беруге, шығармашылық белсенділікке бағыттайды. Жер шары табиғатының негізгі ерекшеліктері, материктер мен мұхиттар табиғатының алуантүрлілігі туралы оқу материалы оқу бағдарламаларына сәйкес жүйелі баяндалған. Оқулықтың әр параграфына, бөліміне соңында сұрақтар мен деңгейлік, шығармашылық,

практикалық тапсырмалар берілген. Негізгі, қосымша және түсініктеме материал, баяндалу тілі оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес және түсінікті берілген. Оқулықтың кейбір параграфтары қосымша ақпараттардан тұрады, оқушылардың білім деңгейіне байланысты оқуға сараланған түрде келуге мүмкіндік береді. Бірақ, оқушылардың алған білімдерін қолдануға арналған жобалық, зерттеушілік пікірталастық, жағдаяттық тапсырмалар, функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар жеткіліксіз.

Оқу-тәрбие үдерісінде аталған басылымдардан басқа география пәнінен ақпараттық технологиялар – электрондық оқулықтар да қолданылады.

Электрондық оқулықтар – оқу бағдарламасына сәйкес пәннің мазмұнын толық қамтитын электрондық басылымдар. Электрондық басылымдар оқу үрдісіне қажетті теориялық материалдарды, жаттығуға арналған жұмыстарды, оқушының білім деңгейін тексеруге болатын бақылау жұмыстарын қамтиды. География пәні бойынша білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген білім беретін электрондық басылымдар тізбесі жоғарыда аталған бұйрықтарда берілген.

Сонымен жалпы білім беретін мектептерге арналған «География» пәні оқулықтарының мазмұны оқушылардың жас, психологиялық және тұлғалық мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген. Оқулықты құрастырудың теориялық (концептуалдық) негіздері оқулықтың құрастырылу принциптері, оның мазмұнына әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар, сонымен қатар дидактиканың ғылымилық, көрнекілік, жүйелілік принциптерін, пәнаралық байланысты, пәннің «білу», «түсіну», «қолдану», «саралау», «бағалау» т.б. оқу мақсаттары ескерілген. География оқулықтарындағы теориялық материалдар түсінікті тілмен баяндалған, түсініктеме берілген мәтіні бар әртүрлі суреттермен, сызбанұсқалармен, кестелермен толықтырылған. Тақырыптардың мазмұнында келтірілген ғылыми деректер дәлелденген, ұғымдардың түсініктемелерінде фактологиялық қателіктер жоқ. Оқу басылымдарының мазмұны оқушылардың танымдық қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған. Оқулықтардың кейбір параграфтарында оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, саралап оқытуға мүмкіндік беретін қосымша ақпарат бөлімдері бар. Сонымен қатар, жекелеген оқулықтардың бөлімдері, параграфтары соңында деңгейлік практикалық тапсырмалар берілген.

Қолданыста жүрген оқулықтардың жағымды жақтарын айта отырып, кемшіліктері туралы айтпауға болмайды. География пәні бойынша оқу құралдарының мазмұнында зерттеу, іздеу жұмыстарына, пікірталас, жағдаяттық мәселелерге бағытталған тапсырмалар жеткіліксіз. Зерттеушілік, іздеушілік, пікірталастық, жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың меңгерген білімдерін өз беттерінше ізденуге, сонымен қатар түсіну, мақсатты тұжырымдау, іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру, нәтижені бағалау және саралау (рефлексия) арқылы практикаға бағытталған және аналитикалық ойлауын дамытуға мүмкіндік беретін тапсырмалар қажет.

Оқулықта білімді еске түсіру мен қайта жаңғыртуға арналған тапсырмалар басым, ал алынған білімді күнделікті өмірде қолдануға, тұжырымдауға

бағытталған тапсырмалар аз. Презентациялар мен көрсетілімдер, қорытындылар, талдау, саралау, проблеманың шешімін ұйымдастыруға арналған тапсырмалар, қорытындылау, түсіндіру, болжам жасау, жобалау, жоспарлау, яғни функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған тапсырмалар жеткіліксіз.

Сонымен қатар, географиялық нысандардың атауларын, олардың дұрыс жазылуы мен картада орналасуын, оқушылардың есте сақтауын бекіту мақсатында оқулықта географиялық номенклатураның нақты минимумы жүйелі түрде көрсетілмеген.

Ұсыныстар:

1. Жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқуға қызығушылықты арттыру және функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында шығармашылық белсенділікті, мектеп оқушыларының зияткерлік әлеуетін дамытатын тапсырмалар енгізу.

2. Оқушылардың логикасын, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылығын дамытуға бағыттайтын жобалау, жоспарлау, шешім шығару, қорытындылау, бағалау, талдау сипатындағы тапсырмаларды енгізу.

3. Оқулық материалына «жасыл экономикаға» қатысты тапсырмалар енгізу.

4. Көрнекі материалдар қосу.

5. Оқулыққа қосымша ретінде интернет ресурстар мен электрондық оқулықтарға сілтемелер жасау.

6. Кәсіптік бағыттағы сұрақтарға көңіл аудару.

2 Оқушылардың география бойынша дайындық деңгейінің жағдайы

Қазақстанда оқушылардың білім және дағдыларының педагогикалық өлшеу аспектілерін ғана емес, білім беру ұйымдары беретін білімнің тиімділігін мемлекеттік тұрғыдан бақылаудың түрлі формаларын да қамтитын білім сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі жұмыс істейді.

Мониторингтік зерттеуді жүргізудің мақсаты Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердің географиядан білім беру үдерісінің, білім алушылардың дайындық деңгейінің жағдайын анықтау болып табылды.

Зерттеу келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың географияны игерудегі білім сапасын анықтау;
- оқушылардың зияткерлік жарыстарға қатысу дәрежесін анықтау;
- оқушылардың зияткерлік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының тиімділік дәрежесін анықтау.

Мониторингтік зерттеу республиканың жеті облысында (Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар), Астана және Алматы қалаларында өткізілді.

6-9 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша үлгерімі мен білім сапасы туралы мәліметтер 3-кестеде көрсетілген.


3-кесте – 6-9-сынып оқушыларының география пәні бойынша үлгерімі мен білім сапасы

Облыс/қала	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығы		
	барл	үлгер	сапа	барл	үлгер	сапа	барл	үлгер	сапа
Ақмола	39340	100%	67,8%	39364	100%	67,9%	39450	100%	66,8%
ШҚО	37429	100%	64,4%	57998	100%	65,4%	21815	100%	61,7%
Жамбыл	67010	98,2%	59,8%	66039	98,9%	56,9%	66340	98,2%	57,8%
Қостанай	39555	99,9%	58,2%	39600	99,9%	58%	39178	99,9%	57,6%
Қызылорда	49127	100%	76,8%	47399	100%	76,9%	46235	100%	78,1%
Маңғыстау	35640	99,4%	62,1%	36129	99,5%	61%	35125	99,2%	60,4%
Павлодар	32729	100%	70,8%	31859	100%	73,4%	31841	99,8%	70,7%
Алматы қаласы	59434	100%	65,5%	59160	100%	71,3%	63846	100%	73,4%
Астана қаласы	31174	100%	76,3%	31938	100%	79,3%	34539	100%	78,8%

2012-2013 оқу жылы география пәні бойынша білім сапасы негізгі орта мектепте 58,2%-дан бастап 76,8%-ға дейін ауытқып отырған. Ең жоғары нәтижені Қызылорда облысы көрсетті – 76,8%, ең төмен нәтиже Қостанай облысының оқушыларында – 58,2%. 2013-2014 оқу жылы ең жоғары білім сапасын Астана қаласы оқушылары көрсеткен (79,3%), ең төмен нәтиже Қостанай облысының оқушыларында – 58%. Ақмола, Қызылорда, Павлодар облыстары мен Астана қаласында тұрақты нәтижелер байқалуда. Қостанай облысы 6-9 сыныптар оқушылары білім сапасының жылдан жылға төмендеуі байқалады (58,2%, 58% және 2014-2015 оқу жылының I жартыжылдығында

57,6%). Алматы қаласында білім сапасының жылдан жылға өсуі көрінеді.

6-9 сынып оқушыларының география пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы талдау динамикасы көрсетілген (1-сурет)



1-сурет – Аймақтар бойынша 6-9 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша білім сапасы

6-9 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша білім сапасын салыстырмалы талдаудың қорытындысы бойынша:

- жылдан жылға Қызылорда облысы, Астана қаласы бойынша оқушылардың білім сапасының жоғарлауы;
- Ақмола, Жамбыл, Павлодар облыстары, ШҚО, Астана қаласы бойынша оқушылардың білім сапасының тұрақты еместігі;
- Маңғыстау, Қостанай облыстары бойынша оқушылардың білім сапасының төмендеуі байқалады.


10-11 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша үлгерімі мен білім сапасы туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте – 10-11 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша үлгерімі мен білім сапасы

Облыс/қала	2012-2013 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы			2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығы		
	барл	үлгер	сапа	барл	үлгер	сапа	барл	үлгер	сапа
Ақмола	9775	100%	70%	9781	100%	71,8%	9772	100%	71,2%
ШҚО	11821	100%	67,1%	17674	100%	68,9%	6192	100%	70,1%
Жамбыл	20294	98,6%	69,6%	18598	97,9%	58,8%	17795	98,6%	54,4%
Қостанай	9687	99,6%	61,1%	9054	99,5%	60,7%	8847	99,6%	61%
Қызылорда	16279	100%	73,9%	14699	100%	72,8%	14338	100%	73,4%
Маңғыстау	8646	99,3%	59,8%	8196	99,2%	64%	8399	99,3%	64,1%
Павлодар	9795	99,9%	78,4%	8548	100%	77,6%	7713	99,8%	73,7%
Алматы қаласы	14256	100%	65,7%	15122	100%	69,8%	15176	100%	73,4%
Астана қаласы	8425	100%	81%	9025	100%	81,5%	97711	100%	85,9%

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларының 2012-2013 оқу жылындағы география пәні бойынша білім сапасы 59,8%-дан бастап 81%-ға дейінгі аралықтағы ауытқуды көрсетеді. Ең жоғары нәтиже Астана қаласында – 81% және сапаның жылдан жылға өсіп отырғаны байқалады, ең төмен нәтиже Маңғыстау облысында – 59,8%. Астана қаласы 2013-2014 оқу жылында да ең жоғары көрсеткішті сақтап отыр (81,5%), өткен оқу жылымен салыстырғанда Жамбыл (69,6 және 58,8%) облысында білім сапасының керісінше төмендегенін көруге болады, ал Маңғыстау облысында екі жылдың салыстырмалы талдауы білім сапасының 59,8%дан 64%-ға дейін көтерілгенін көрсетеді.

Келесі суретте 10-11 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша білім сапасының салыстырмалы талдау динамикасы көрсетілген (2-сурет)




2-сурет – Аймақтар бойынша 10-11 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша білім сапасы

10-11 сыныптар оқушыларының география пәні бойынша білім сапасын салыстырмалы талдаудың қорытындысы:


- жылдан жылға Маңғыстау облысы, ШҚО, Астана және Алматы қалалары бойынша оқушылардың білім сапасының жоғарлауы;
- Ақмола, Қостанай, Павлодар, Қызылорда облыстары бойынша оқушылардың білім сапасы тұрақты еместігі;
- Жамбыл облысы бойынша оқушылардың білім сапасының төмендеуі байқалады.

Білімберудің келесі деңгейіне көшуге байланысты оқушылардың 2012-2013 оқу жылы бойынша географиядан білім сапасының салыстырмалы талдауы келесі диаграммамен берілген (3-сурет).




3-сурет – 2012-2013 оқу жылындағы оқушылардың білім беру деңгейлері бойынша география пәнінен білім сапасы

Білімберудің келесі деңгейіне көшуге байланысты оқушылардың 2013-2014 оқу жылы бойынша географиядан білім сапасының салыстырмалы талдауы келесі диаграммамен берілген (4-сурет).



4-сурет – 2013-2014 оқу жылындағы оқушылардың білім беру деңгейлері бойынша география пәнінен білім сапасы

Білімберудің келесі деңгейіне көшуге байланысты оқушылардың 2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығы бойынша географиядан білім сапасының салыстырмалы талдауы келесі диаграммамен берілген (5-сурет).



5-сурет – 2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығында оқушылардың білім беру деңгейлері бойынша география пәнінен білім сапасы

2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығында оқушылардың білім беру деңгейлері бойынша география пәнінен білім сапасының салыстырмалы талдау динамикасы төмендегідей:

- Ақмола, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстары, ШҚО және Астана қаласында білім сапасы артқаны;

- Жамбыл, Қызылорда облыстарында білім сапасының төмендегені;

- Алматы қаласы бойынша тұрақты екені байқалады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу жетістіктерін сыртқы бағалау (ОЖСБ) 2012 жылдан бастап жүргізіліп келеді.

9-сыныптардағы ОЖСБ шараларына міндетті түрде қазақ тілі және жыл сайын осы шаралар қарсаңында уәкілетті ұйыммен анықталатын 3 пән енгізіледі. Соңғы үш жылда «География» пәні 2014 жылы ғана таңдап алынды. Жылдар бойынша ОЖСБ-ға енгізілген пәндер 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте – 2012-2014 жж. ОЖСБ пәндері

№	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	Қазақстан тарихы	Алгебра	Дүние жүзі тарихы
2	Алгебра	Физика	География
3	Химия	Ағылшын тілі	Химия


2014 жылы ОЖСБ шараларына 648 білім беру ұйымы қатысты, бұл республика мектептерінің жалпы санының 9%-ын құрайды. ОЖСБ-2014 шараларына қатысқан білім беру ұйымдары құрамында орта мектептердің үлесі басым - 77%. Белгілі бір бағыттар бойынша пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқытатын білім берудегі оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын қатысушы-мектептер 16% құрайды («Гимназия» және «Лицейлер»). Сонымен қатар, тестілеуге негізгі орта мектеп – 5,2%, мектеп-интернаттар – 0,5% және мектеп-бақшалар – 1,3% сияқты жалпы орта білім беретін ұйымдар қатысты.

Білім беру ұйымдарының тұрған жері контекстінде ОЖСБ-2014 шаралары құрамын салыстыру, қалалық және селолық қатысушы-мектептердің сандық құрамының баламалығын көрсетеді (сәйкесінше 50,3% және 49,7% адам).

2014 жылы тәуелсіз мониторингке қатысушылар саны 27 413 адам, оның 60,5%-ы қазақ тілінде оқитын мектептердің оқушылары болды.

ОЖСБ шараларына алғаш енгізілген «География» пәні бойынша нәтижелерді талдау 9-сынып оқушыларының негізгі орта мектепті аяқтау кезеңінде білім алу жетістіктерінің толықтай орташа деңгейін көрсетіп отыр. Бұл пән бойынша орташа баллдың мәні (10,13 балл) тест тапсырмаларының 50%-ын орындау жетістігіне сәйкес келеді.

6-суретте география пәні бойынша ОЖСБ-2014 нәтижелері аймақтар бойынша берілген.



6-сурет – География пәні бойынша ОЖСБ-2014 нәтижелері (аймақтар бойынша)

География пәнінен ОЖСБ-2014 аймақтар бойынша нәтижесі (орташа балл):

- республика бойынша орташа 10-13 баллды құрайды;

- бұл көрсеткіштен жоғары нәтиже жеті аймақта: Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында тіркелген;

- ең төменгі нәтижені Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстары көрсетті.


Білім саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің орындалу мониторингінің пәрменді механизмін енгізу және ұлттық деңгейде білім беру сапасының аймақтық мәселелерін шешу мақсатында 2012 жылы алғаш рет бірыңғай сапаны бақылау – ҚР БҒМ-нің Білім саласын бақылау комитетінің 16 аймақтық департаменті құрылды.

Департаменттің құзырына жатқызылған бақылау-рұқсат ету қызметтері 2012 жылдың 29 сәуірінен бастап күшіне енді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Департаменттің негізгі қызметі білім беру ұйымдарын аттестациялау, білім беру қызметін лицензиялау, білім беру мониторингі, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) мен оқу жетістіктерін сыртқы бағалауды (бұдан әрі – ОЖСБ) ұйымдастыруға қатысу болып табылады.

Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) – жалпы білім беретін ұйымдары оқушыларын қорытынды аттестациялаудың және орта білімнен кейінгі білім немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдау емтихандарының қатар атқарылуын қамтамасыз етеді.

ҰБТ бес пән бойынша жүргізіледі, соның ішінде міндеттілері – қазақ немесе орыс тілі (оқыту тілі), математика, Қазақстан тарихы, қазақ тіліндегі сыныптарда орыс тілі, орыс тіліндегі сыныптарда қазақ тілі және таңдауы бойынша бейіндік пәндер (физика, химия, биология, география, дүниежүзі тарихы, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, шет ел тілі).

Соңғы екі жылдағы бейіндік пәндерді түлектердің таңдау динамикасы 7-суретте берілген.



7-сурет – ҰБТ-2013 және ҰБТ-2014-те оқушылардың «География» пәнін таңдауына салыстырмалы талдау

Бұдан әрі аймақтарға бөлінгендегі географияны бейіндік пән ретінде таңдау көрінісін қарастырамыз, мұнда түлектердің жалпы санынан географияны таңдаған оқушылар пайызы және соңғы үш жылдағы ҰБТ орташа балл көрсетілетін болады.

Соңғы үш жылдағы түлектердің географияны бейіндік пән ретінде таңдау туралы мәлімет 6, 7, 8-кестелерде көрсетілген.

6-кесте – 2011-2012 оқу жылындағы аймақтарға бөлгендегі «География» пәнін таңдау және ҰБТ нәтижесі туралы мәлімет

Облыс/қала	Барлық түлектер	Географияны таңдаған түлектер	Пайыздық қатынас	ҰБТ бойынша орташа балл
Ақмола	4191	863	20,5%	16,7
Ақтөбе	5573	979	6,7%	17,3
Алматы	14683	2667	18,2%	16,2
Атырау	4708	659	14,4%	17,3
ШҚО	9943	1166	11,7%	16,8
Жамбыл	8563	1195	14%	17,1
БҚО	4427	433	9,8%	18,8
Қарағанды	6730	1449	21,5%	16,4
Қостанай	4020	507	12,6%	17,9
Қызылорда	7161	654	9%	16,2
Маңғыстау	3167	647	20,4%	16,1
Павлодар	4689	458	9,8%	18,3
СҚО	3151	428	13,6%	17,2
ОҚО	25974	1767	6,8%	17,1
Алматы қ.	6287	2012	32%	18,2
Астана қ.	3669	1041	28,3%	17,6
Республика бойынша	116936	16945	14,5%	17,2

Кестеде көрсетілген деректер 2011-2012 оқу жылында географияны бейіндік пән ретінде – 14,5% (16945 оқушы) таңдағанын айғақтайды. Алматы және Астана қалаларының, Ақмола, Қарағанды, Маңғыстау облыстары мектеп түлектерінің көпшілігі география пәнін таңдаған, яғни болашақ мамандықтарын географиямен байланыстырып отыр.

Республиканың үш аймағында ҰБТ-да жоғары нәтижені Алматы қаласы, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстары көрсетсе, төменгі нәтиже Алматы (16,2), Қызылорда (16,2) және Маңғыстау (16,1) облыстарында тіркелген.

7-кесте – 2012-2013 оқу жылындағы аймақтарға бөлгендегі «География» пәнін таңдау және ҰБТ нәтижесі туралы мәлімет

Облыс/қала	Барлық түлектер	Географияны таңдаған түлектер	Пайыздық қатынас	ҰБТ бойынша орташа балл
Ақмола	3345	731	21,9%	13,9
Ақтөбе	4811	808	16,8%	15,8
Алматы	11260	2157	19,2%	14,1
Атырау	4085	638	15,6%	14,8
ШҚО	7838	1053	13,4%	14,5
Жамбыл	7374	1014	13,8%	15,2
БҚО	3836	370	9,6%	16,6
Қарағанды	5660	1235	21,8%	14,3
Қостанай	3215	437	12,6%	14,9
Қызылорда	5365	607	13,6%	14,8
Маңғыстау	2669	601	22,5%	14,1
Павлодар	3749	395	10,5%	15,9
СҚО	2419	328	13,6%	14,7
ОҚО	21005	1645	7,8%	15,6
Алматы қ.	5305	1842	34,7%	16,5
Астана қ.	3171	914	28,8%	15,4
Республика бойынша	95107	14775	15,5%	15,1

Кестеде көрсетілген деректер 2012-2013 оқу жылында географияны бейіндік пән ретінде 15,6% (14849 оқушы) таңдағанын айғақтайды. Бұл оқу жылында да Алматы және Астана қалаларының, Қарағанды, Маңғыстау облыстарының мектеп түлектерінің көпшілігі география пәнін таңдаған.

Республиканың төрт аймағында ҰБТ-да жоғары нәтижеге Астана қаласы, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Павлодар облыстарының түлектері қол жеткізсе, төменгі нәтижені Алматы, Ақмола және Маңғыстау облыстарының түлектері көрсетіп отыр, сәйкесінше орташа балл 1,0; 1,2 және 1,0 баллға төмендеген.


8-кесте – 2013-2014 оқу жылындағы аймақтарға бөлгендегі «География» пәнін таңдау және ҰБТ нәтижесі туралы мәлімет

Облыс/қала	Барлық түлектер	Географияны таңдаған түлектер	Пайыздық қатынас	ҰБТ бойынша орташа балл
Ақмола	3023	659	21,8%	17,1
Ақтөбе	4508	674	14,9%	18,1
Алматы	10255	1880	18,3%	15,8
Атырау	3799	491	12,9%	13,2
ШҚО	6825	908	13,3%	16,2
Жамбыл	6683	952	14,2%	16,2
БҚО	3307	344	10,4%	18,5
Қарағанды	5282	1109	20,9%	15,3
Қостанай	2728	347	12,7%	17,0
Қызылорда	5208	579	11,1%	16,4
Маңғыстау	2507	656	26,2%	15,0
Павлодар	3211	371	11,6%	17,3
СҚО	2410	340	14,1%	15,5
ОҚО	18805	1424	7,6%	17,2
Алматы қ.	5176	1633	31,5%	18,8
Астана қ.	3383	941	27,8%	18,0
Республика бойынша	87110	13308	15,3%	16,8

Кестеде көрсетілген деректер 2013-2014 оқу жылында географияны бейіндік пән ретінде 15,3% (13308 оқушы) таңдағанын дәлелдеп отыр.

ҰБТ бойынша жоғары көрсеткіш республиканың үш аймағы: Алматы қаласы, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарының еншісінде. ҰБТ-да төменгі нәтижені Атырау облысының түлектері көрсетіп отыр, орташа балл 3,6 баллға төмендеген.

Аймақтарға бөлгендегі бейіндік пән география бойынша соңғы үш жылдағы ҰБТ бойынша орташа балл көрсеткіштерінің динамикасы келесі диаграммада көрсетілген (8-сурет).



8-сурет – География пәні бойынша ҰБТ-2012, ҰБТ-2013, ҰБТ-2014 нәтижелері (аймақтар бойынша)

География пәні бойынша соңғы үш жылдағы ҰБТ-ның орташа көрсеткіштерінің аймақтар бойынша салыстырмалы талдауы:

- оқушылар ҰБТ-2012-де жақсы нәтижеге қол жеткізгенін;
- ҰБТ-2014 нәтижесі республиканың барлық дерлік аймақтарында орташа көрсеткіштің төмендегенін;
- Атырау облысы мектептері оқушыларының ҰБТ-да орташа баллдары жылдан-жылға төмендеп отырғанын;
- аймақтардың еш қайсысында тұрақты орташа көрсеткіш байқалмағанын көрсетеді [8].

Республикада 1998 жылдан бастап жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасау бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде. Бұл жұмысты республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығы, дарынды балалармен жұмыс бойынша аймақтық орталық, сондай-ақ дарынды балаларға арналған мамандандырылған ұйымдар жүйесі жүзеге асыруда.

Жалпы білім беретін ұйымдар қызметі нәтижесінің бірі оқушылардың білімдерінің жоғары деңгейі, олардың негізгі пәндер бойынша түрлі халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысуы болып табылады.

2012-2013, 2013-2014 оқу жылдары және 2014-2015 оқу жылының I жартыжылдығында география пәні бойынша республикалық олимпиадаларға 252 оқушы қатысқан. Олардың 115-і бірінші орындарға ие болған, бұл қатысушылардың 45,6%-ын құрайды.

География пәні бойынша республикалық олимпиадаларға қатысушылар туралы мәлімет 9-кестеде берілген.


9-кесте – Қатысушылар мен жүлдегерлер туралы мәлімет (аймақтар бойынша)

Облыс/қала	2012-2013 оқу жылы		2013-2014 оқу жылы		2014-2015 оқу жылы I жартыжылдық	
	Барлық қатысушылар	Олардың ішінде жүлдегерлер	Барлық қатысушылар	Олардың ішінде жүлдегерлер	Барлық қатысушылар	Олардың ішінде жүлдегерлер
Ақмола	4	3	4	0	5	1
Ақтөбе	5	1	4	2	4	2
Алматы	5	3	5	6	5	1
Атырау	4	1	0	0	6	2
ШҚО	4	2	4	0	7	5
Жамбыл	4	3	4	2	6	4
БҚО	3	0	6	0	6	3
Қарағанды	4	1	5	4	4	2
Қостанай	4	4	4	3	7	5
Қызылорда	3	2	4	2	2	0
Маңғыстау	4	2	4	3	7	4
Павлодар	6	3	4	2	6	1

СҚО	6	1	5	1	6	1
ОҚО	7	3	4	2	4	1
Алматы қ.	4	2	4	4	8	6
Астана қ.	6	3	6	4	7	2
О.Жәутіков РФММ ат.	4	1	4	1	6	4
НЗМ	3	0	2	0	3	0
Барлығы	80	35	73	36	99	44


«Дарын» РҒПО деректерінен

География пәнінен республикалық олимпиадаларға қатысушылар саны туралы мәліметтің аймақтар бойынша салыстырмалы талдауы келесі диаграммада берілген (9-сурет).



9-сурет – География пәні бойынша республикалық олимпиадаларға қатысу динамикасы

География пәнінен республикалық олимпиадаларға қатысушылар саны туралы мәліметтің аймақтар бойынша салыстырмалы талдауы келесі диаграммада берілген (10-сурет).



10-сурет – География пәні бойынша республикалық олимпиадаларға қатысу динамикасы


2012-2013, 2013-2014 оқу жылдары және 2014-2015 оқу жылының I-жартыжылдығында география пәні бойынша ғылыми жобаларға 117 оқушы қатысқан. Олардың 60-ы жүлделі орындарға ие болған, бұл қатысушылардың 51%-ын құрайды.

География пәні бойынша ғылыми жобаларға қатысу туралы мәлімет 10-кестеде берілген.

10-кесте – Қатысушылармен жүлдегерлер туралы аймақтар бойынша мәлімет


Облыс/қала	2012-2013 оқу жылы		2013-2014 оқу жылы		2014-2015 оқу жылы I жартыжылдық	
	Барлық қатысушылар	Жүлдегерлер	Барлық қатысушылар	Жүлдегерлер	Барлық қатысушылар	Жүлдегерлер
Ақмола	0	0	2	2	0	0
Ақтөбе	0	0	0	0	4	2
Алматы	5	2	8	3	2	0
Атырау	1	1	1	0	2	0
ШҚО	1	0	4	2	3	3
Жамбыл	1	1	1	0	2	4
БҚО	2	0	2	0	1	1
Қарағанды	3	0	4	4	3	1
Қостанай	1	0	1	1	2	2
Қызылорда	6	2	1	0	2	0
Маңғыстау	3	2	2	1	0	1
Павлодар	2	2	4	1	6	1
СҚО	1	1	1	0	1	0
ОҚО	3	0	0	0	2	0
Алматы қ.	2	2	4	3	4	2
Астана қ.	4	4	7	5	4	1
НЗМ	0	0	2	1	0	0
Барлығы	35	17	44	23	38	19

Географияпәні бойынша ғылыми жобаларға қатысушылар саны туралы аймақтар бойынша салыстырмалы талдау келесі диаграммада берілген (11-сурет).



11-сурет – География пәні бойынша ғылыми жобаларға қатысу динамикасы

География пәні бойынша ғылыми жобалардағы жүлдегерлер саны туралы аймақтар бойынша салыстырмалы талдау келесі диаграммада берілген (12-сурет).



12-сурет – География пәні бойынша ғылыми жобалардағы жүлдегерлер динамикасы

Аталған мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар:

- география пәні бойынша мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру, бірыңғай ұлттық тестілеудің, оқу жетістіктерін сыртқы бағалаудың нәтижелерін, олимпиадалар мен ғылыми жобалардың көрсеткіштерін жоғарылату мақсатында мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету;
- жоғары көрсеткіш көрсеткен мектептердің тәжірибелерін тарату;
- ашық түрдегі он-лайн тест тапсырмаларын құру;
- дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстың мазмұнына көңіл аудару;
- білім басқармалары, олардың әдістемелік кабинеттеріне «География» пәнінің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын күшейту жұмысын белсендендіру;
- пән бойынша білім сапасын бақылау мониторингін жүргізіп отыру.

3 Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде географияны оқыту әдістемесі мен тәжірибесі: тәжірибелер және инновациялар

Мектептегі география пәнінің ғылым негіздерін оқыту пәні ретінде, оқушылардың дүниетанымдық ғылыми көзқарасын қалыптастыруда үлесі зор. Оқушылардың меңгерген ғылыми білімі дүниетанымның бір бөлігі болуы үшін география пәні әр тұлғаның қоршаған ортаның нақты жағдайымен қарым-қатынаста және байланыста болуында, бұл қарым-қатынастарды реттеуде және ұйымдастыруда, олардың мағынасын түсінуде бағыттаушы рөлін атқаруы тиіс.

География – Жер – адам өмір сүретін ғаламшар ретінде тұтас көзқарас қалыптастыратын оқу пәні және оқушылардың бойында жалпы мәдениет пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруда негізгі орынды иеленеді. Сонымен қатар, барлық деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін де қажет. Шаруашылықтың тиімділігін арттыру және халықтың әл-ауқатын жақсартуда да география ғылымы қажет. Географиялық білім көптеген ақпарат көздерінен жинақталған деректерді кіріктіруді, тілдесудің халықаралық тілінің бірі – географиялық картаны дұрыс қолдануды үйретеді.

Географиялық білім заманауи әлемнің және адамзаттың тұтастығы туралы саналы түсінік береді. Оқушылар өздерін қоршаған материалдық, рухани және мәдени құндылықтарды, сондай-ақ адамның кеңістікте өмір сүруінің мәнін дұрыс түсінулері үшін, белгілі деңгейде географиялық білім мен түсінік жинақтаулары тиіс. Сонымен қатар география пәнінің басты мақсатының бірі экологиялық білім беруді жетілдіру болып табылады.

Осы заманғы кезеңде әлемдік білім беру тәжірибесінде білім сапасын жетілдірудің жаңа бағыт-бағдарлары нәтижеге бағытталған білім беру үлгісі арқылы жүзеге асырылады. Көптеген елдердің білім берудегі ауқымды реформалары білім берудің заманауи үлгісін тарихи қалыптасқан жағымды дәстүрлерді сақтай отырып, инновациялық көзқарас-ыңғайларды пайдалануды көздейді.

Бүгінгі күні адамның білім алудағы сұранысы «білетін адамнан» – «шығармашылық тұрғыда ойлайтын, әрекет етуге, өздігінен жетілуге қабілетті адам» үлгісіне ауысып отыр.

Оқыту мен тәрбиенің өзге құрамдас бөліктерімен салыстыра келгенде, білім мазмұны түйінді және тұрақты шама болып табылады. Сондықтан оны жаңарту жұмысы жана білім беру парадигмасын тудырып, бірқатар қажетті педагогикалық шарттар кешенінің өзгеруіне әкеледі. Бұл білім беру қызметінің ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауға да қатысты.

Бүгінгі таңда бірінші орында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық дағдарыстардың алдын алу адамдардың мақсатты бағытта ойластырған іс-әрекеті арқылы ғана жүзеге асады. Осыған орай экологиялық дағдарыстан шығудың жолдары іздестірілуде және оған қатысты материалдарды елімізде қабылданған «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау», «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар»

туралы Заңдардан, сондай-ақ «Орнықты даму үшін қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық әрекет жоспары» сияқты экологиялық мәселелерге арналған мемлекеттік құжаттардан көруге болады.

Жалпы орта білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие берудің тұжырымдамасы мен оны тәжірибеге енгізу жолдары ғалым Ә.Бейсенованың жетекшілігімен әзірленген. Тұжырымдамада адамның әлеуметтік қатынас жүйесіндегі табиғатқа деген жауапкершілік рөлінің өсуі; табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынас жасауды экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты мен нәтижесі; экологиялық білім беруге мемлекеттік мәртебенің берілуі; халыққа экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесін құру; орта жалпы білім беретін мектептерде жеке пәндерді оқыту, пәнаралық байланыс, тереңдетілген және саралап оқыту процесі арқылы экологиялық білім мен тәрбие беру қарастырылған [9].

«География» пәні оқулықтарының авторы Т.О.Увалиев ұсынған «Дүниежүзінің табиғат ресурстары географиясы» курсы оқушылардың біліктілігін жетілдіруде өзіндік маңызды орны бар.

«Дүниежүзінің табиғат ресурстары географиясын» оқытудың жалпы білімдік мақсаты – оқушылардың бойында табиғат ресурстарының алуан түрлілігі мен байлығы және оларды пайдаланудан туындайтын проблемалар туралы білім мен түсініктер қалыптастыру болып табылады. Ол қоршаған табиғи ортаның біртұтас көрінісі туралы жан-жақты ғылыми түсінік береді. «Табиғат ресурстары географиясының» білімдік маңызы – табиғат ресурстары мен қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтірудің географиялық аспектілерін, адамзаттың ресурспен қамтамасыз етілу проблемаларын зерттеуге байланысты арта түсуде.

Осы еңбекте табиғат ресурстарын оқытудың келесі міндеттері көрсетілген:

- оқушыларды «Табиғат ресурстары географиясының» география ғылымдары жүйесіндегі және оның проблемаларын шешудегі рөлімен, аумақтар табиғатының құрамдас бөліктерінің ерекшеліктерімен таныстыру;

- жер шарында адамзаттың қалыпты өмір сүруі үшін табиғат ресурстарының қажеттілігі мен құндылығы туралы білімді қалыптастыру;

- білімдерді өз беттерінше іздестіру және меңгеру қабілетін дамыту, гуманистік бағдар қалыптастыру;

адамның шаруашылық іс-әрекетінің қоршаған табиғи ортадағы өзгерістермен өзара байланыстылығы туралы, өз іс-әрекетіне, қабылдаған шешіміне, таңдауын жүзеге асырудағы жауапкершіліктері жайлы түсініктер қалыптастыру [10].

География пәнін оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану оқушының білім жетістігін жетілдіруде өзіндік орны бар. Мысалы, 11-сыныпқа арналған «Экономикалық және әлеуметтік география» курсына ғана қысқаша тоқталамыз. Электрондық мектеп оқулығының алғашқы бетінде анықтамалық бөлімнің жеке тармақтары бойынша тұтынушыға арналған нұсқаулар (әдебиеттерді көру, оқулықты ашып-жабу, жиыру, дыбысты қосу-тоқтату, модульге кіру тәрізді) берілген. Бұл курста «Дүние жүзіне аймақтар бойынша

экономикалық-географиялық шолу» жасалады. Бұл электрондық мектеп оқулығының (ЭМО) құрылымы модульдік технологияға бағытталып құрастырылған. Ол – ғаламшардың жеке құрылықтары және «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» атауларымен аталған 7 модульден тұрады, олар бірнеше тақырыптарды қамтиды (авторлары: Увалиев Т.О., Аблеева А.Г. т.б.). Әлем елдеріне саяхатты модуль құрылымының мазмұны берілген (44 дана) файлдарға тоқталу арқылы жасауға болады. Жалпы ЭМО мазмұны нақты өмірдің формасына сәйкес келеді. Түрлі-түсті бейнелер мен анимациялар арқылы әзірленген оқу материалдары пән мұғалімінің тақырыпты жан-жақты түсіндіруіне мүмкіндік береді. Анимация арқылы түсіндіруге арналған 59 түсініктемелер дайындалған. Оқушы алған білімін 78 интерактивті және үй тапсырмаларын орындау арқылы бекіте алады, сонымен бірге 525 тест сұрағы оқушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Ал оның «Функционалды сауаттылық» бөлімінде күнделікті өмірде қолдануға негізделген тапсырмалар берілген. Берілген нұсқаулар оқушының нақты жобалармен жұмыс жасауына және шығармашылдықпен айналысуларына мүмкіндік жасайды. «Жобалық іс-әрекет» бөлімінде оқушыны мектептен ғылыми жобаға бейімдейтін жұмыстар мен оның түрлері, мақсат-міндеттері мен кезеңдеріне қойылатын талаптар, жобаны безендіруі туралы анықтамалық мәліметтер берілген. Соңында глоссарий берілген. Оқушы тізімнен өзіне қажетті терминді іріктеп, оның мән-мағынасын тереңірек білуіне болады [11].

Құрылықтардың немесе ірі аумақтардың, сондай-ақ бір елдің табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті, саяси-экономикалық-әлеуметтік құрылымы туралы мәліметтерді жинақтап, зерттеп, жүйеге келтіретін география пәнінің бір саласы – Елтану пәні. Осы салада мұғалімдерге көмек ретінде келесі құралды ұсынуға болады:

Саипов А.А., Айткенова А.Е., Даулетбаева Г.К. Елордатану (Астанаведение) – мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. – Астана, 2013. – 105 б.

Бұл оқу-әдістемелік құралда Астана қаласының құрылу және даму жолдары, астананың сәулеті және мәдениеті туралы материал берілген.

Географ ғалым А.А.Саиповтың «Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму географиясы» әдістемелік құралы әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымның жаңа географиясы құрылуы мен дамуына, Қазақстан шаруашылығы салаларының индустриалды-инновациялық дамуына, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңіне, дүниежүзілік геэкономикалық кеңістікте жаһандануына сәйкес, мектеп оқушыларына географиялық білім беруге арналған. Бұл әдістемелік құралды «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамының филиалы «Астана қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» мұғалімдерге география пәнін оқытуда көмекші құрал ретінде ұсынады.

Оқытудың педагогикалық технологияларының тиімді әдіс-тәсілдері мен жана жолдарын іздестіру үздіксіз жүргізілетін үдеріс. Үздіксіз географиялық

білім беру осы үдерістің бір бөлігі. Яғни қазіргі оқушының өмірінің әр кезеңінде үздіксіз және өз бетінше шығармашылықпен білім алуына, тез өзгермелі өмірге бейімделуіне жағдай жасау және болып жатқан жаңалықтарды жылдам қабылдау қабілеттерін қалыптастыру, күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мұғалімнен шығармашылықты талап етеді. Осы салада 1991 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан Алматы қаласындағы «Ұ.Ә. Есназарованың географиядан Республикалық атаулы мектебін» ерекше атап өтуге болады.

Атаулы мектеп құрудағы мақсат – жеке пәндер бойынша білікті, ізденімпаз, еңбекқор ұстаздарды біріктіру, солар арқылы шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер санын көбейту; оқушылардың терең, тиянақты білім алып шығуын қамтамасыз ету [12].

Қазіргі уақытта бұл мектепте 100-ден аса ұстаз еңбек етеді. Сонымен қатар республика бойынша атаулы мектептің бөлімшелері жұмыс істеуде.

Ұ.Ә. Есназарованың атаулы мектебі жалпы орта білім беретін мектептің Қазақстан географиясы пәні бойынша 136 сағаттық бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік кешен әзірледі және олар орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылған.

Сонымен қатар, оқушылардың география пәніне қызығушылығын арттыруға негізделген жұмыс дәптері (қазақ және орыс тілдерінде), оқушылардың пәннен меңгерген білімін тексеруге арналған тест сұрақтары, 8-9-сыныптарға арналған географиялық атлас, кескін карталар, үлестірме дидактикалық материалдар әзірленген. «Қазақстан табиғаты – Природа Қазақстана» фотоальбомы және қазақ жерін зерттеген ғалымдар мен саяхатшылардың портреттері екі альбом болып шығарылған. Ғалым-ұстаздың көптеген еңбектерін республиканың география пәні мұғалімдері кеңінен қолданып жүр, мысалы:

1. Ұ.Ә.Есназарова.Қазақстанның физикалық және экономикалық географиясын оқыту. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Алматы. Рауан. 1994,1996, -114 б.

2. Ұ.Ә.Есназарова.География пәнін оқыту үрдісінде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру әдістемесі. Монография. Алматы, 2003, көлемі -8,2 б.т.

3. Ұ.Ә.Есназарова, А.Т.Темірбеков. Түркі тілдес елдер географиясы. Факультативтік және таңдау курсына арналған оқу құралы – Алматы: -2013 – 212 б.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 10 шілдедегі «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» Қазақстан халқына Жолдауында бүгінгі таңдағы оқу-тәрбие үдерісін түбірінен өзгерту маңызын және қазірдің өзінде оқушыларға пән бойынша мектепте қажетті инновациялық курстар жоқ екендігін атап көрсетіп, өскелең ұрпақтың туған жерге деген махаббатын, елжандылығы мен отаншылдық қасиеттерін арттыру мақсатында «Өлкетану» пәнін өту керектігін міндеттеді. Осыған байланысты Географиядан Республикалық Атаулы мектепте әрбір мүшесі еңбек ететін аудан және облыстарда «Туған жер географиясы» немесе «Өлкетану»

таңдау курсының бағдарламалары жасалды және баспадан шықты. «Астанатану» немесе «Әсем қала – Астана» және «Алматытану» немесе «Менің туған қалам – Алматы» өлкетану курстарының авторлары – п.ғ.д., проф. Ұ.Ә. Есназарова және әл-Фараби атындағы ҚазҰУдің профессоры, г.ғ.к. А.Т.Темірбеков.

«Алматытану» немесе «Менің туған қалам – Алматы» өлкетану курсын бітірген бастауыш сынып оқушыларының біліміне қойылатын талаптар:

Мақсаты – оқушыларды Алматы қаласының географиялық орны мен тарихын, өсімдіктері мен жануарларымен таныстыру, оларды қорғау шаралары туралы айтып түсіндіру және туған жерге деген сүйіспеншіліктерін оятып, қызығушылықтарын арттыру.

Атаулы мектеп мүшелерінің «Туған жер географиясы» (11-кесте) бойынша әзірлеген көптеген ізденіс жұмыстары оқушылардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуде және арттыруда маңызы зор.

11-кесте – «Туған жер географиясы» оқу құралдарының тізімі

№	Қазақстан аймағы	Басылымның атауы	Автор
1	Батыс Қазақстан	Атырау облысының физикалық географиясы	Жиенқұлов Е.
2		Ақтөбе облысының физикалық географиясы	Серғалиева Райгүл
3		Шалқар ауданының географиясы	Төлебаева Дәмеш
47		Зеленов ауданының географиясы	Маймер Азамат
5		Хромтау ауданының географиясы	Әбдікешов Д.
6		Маңғыстау ауданының географиясы	Қашқымбаева Т
7		Мұғалжар ауданының географиясы	Дайырова Г.
8		Жылыой ауданының географиясы	Шоқанова Н.
9		Шығыс Қазақстан	Семей облысының физикалық географиясы
10	Зайсан ауданының географиясы		Ысқақова К
11	Оңтүстік Қазақстан облысы	Созақ ауданының географиясы	Қаландарова Н.
12		Мерке ауданының географиясы	Хұдайбердиев Ф.
13		Отырар ауданының географиясы	Әмзеева Ү.
14		Жаңақорған ауданының географиясы	авторлар тобы
15		Қарасай ауданының географиясы	Қозыбақова А., Оспанова Қ.
16	Солтүстік Қазақстан	Мамлютка ауданының географиясы	Имангулова Т.
17		Баянауыл ауданының географиясы	Жиенқұлова Б.
18		Солтүстік Қазақстан облысының барлық ауданының географиясы	

Географияны оқытудың әдістемесі мен практикасының шетелдік тәжірибесін талдау, олардың озық тәжірибесін қазақстандық жалпы білім беретін мектептерге енгізу қажеттігін көрсетті.

Білім беру аймағындағы Сингапурдың мемлекеттік саясаты қызығушылық тудырады. Өзінің икемділігіне, қабілеттері, қызығушылықтары және

бейімділіктері әр түрлі балалардың қажеттіліктерін адамгершілік құндылықтарға тәрбиелей отырып қанағаттандыру себептеріне байланысты Сингапурлық білім беру саясаты әлемдегі ең тиімді болып аталды. Бұл елде 1993 жылдан бері инновациялық идеялар мен дағдыларды, жаңашылдықты және жоғары оқу орындарының және басқа да ұйымдардың жетекші-тәлімгерлерімен өзара байланысу арқылы ғылыми жобаларды дайындауда оқушылардың білімін практикада қолдануды дамытудың тамаша мүмкіндігін ұсынатын инновациялық бағдарлама ендірілген. Инновациялық бағдарлама (ИБ) жаратылыстану пәндерін оқып-үйренуде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін келесі іс-шаралар арқылы дамытуға бағытталған:

«Старт» ИБ. Старт – бұл оқушылардың инновацияларда шабыттаныуына және өз жобаларын қалай бастау керектігі туралы кейбір идеяларды ұсынуына арналған платформаны білдіретін жартыкүндік іс-шара.

«Сабақтар» ИБ. Оқу процесінде оқушылар идеяларымен бөлісетін сабақтарды топтардағы жетекші-тәлімгерлер жүргізеді.

«Сессия жобасы». Бірінші жартыжылдықта қатысушылар жетекші-тәлімгерлердің жетекшілігімен таңдаған жобасы бойынша өздігінен белсенді жұмыс істейді және оны аяқтағанда өз жобаларын ұсынады.

«Семинар» ИБ. Біркүндік семинар Сингапурдың Ұлттық университетінде 5-ші және 8-ші сынып оқушылары үшін шамамен мамыр/маусымда ұйымдастырылады. Бұл семинар оқушылар мен тәлімгерлерге, сарапшыларға оқушылардың жұмысын бағалауға мүмкіндік береді.

Финляндияда 5-сыныптың географиясын оқытуда технология түсінігін оқып-үйренеді. Оқыту технологиясы деп оқыту тиімділігін арттырудың тәсілдерін және нақты берілген алгоритм мен материалға ие жобалаушы процесі түсінеді. 8-сынып практикасына «Жер – адамзат үйі ретінде» деген түсінік, физикалық картаның анықтамалары, оның талдауы енгізіледі. Сонымен қатар, білім беру мазмұны Жердегі және құрлықтардағы оқиғаларды, табиғат жағдайларын салыстыруды, адамның іс-әрекетін және мәдени ерекшеліктерін қамтиды. Географияны оқытудың мақсаты табиғи, техногендік және әлеуметтік ортаны, сонымен қатар жергілікті деңгейден жаһандық деңгейге дейінгі адамдар мен қоршаған орта арасындағы әрекеттесу үдерісін оқып үйренуде оқушылардың дағдыларын дамыту болып табылады [6].

Қазақстанның география бойынша оқу бағдарламасының тақырыптарын және TIMSS-2011 (8-сынып) бағалау құрылымдарын салыстыру негізгі бөлімдер бойынша сәйкестік бар екендігін көрсетті (12-кесте).

12-кесте – Қазақстанның география бойынша оқу бағдарламасының тақырыптарын және TIMSS-2011 (8-сынып) бағалау құрылымдарын салыстыру

TIMSS-2011 бағалау құрылымдары	ҚР география бойынша оқу құрылымдары	Ескерту
Жердің құрылымы және физикалық сипаттамалары. 1. Жер қыртысының, қабығының және ядросының құрылымы	Литосфера. Жер құрылымы. Географиялық қабық түсінігі және оның заңдылықтары. Жердің табиғи кешені.	Сәйкес келеді.

<p>және физикалық ерекшеліктері. (жер сілкіну, жанартаулар).</p> <p>2. Таулардың, минералдардың, топырақтың суреттелуі және оның формациясы.</p>		
<p>Жер үдерістері, кезендері және тарихы.</p> <p>1. Таулар.</p> <p>2. Диаграммалар немесе судың табиғаттағы айналым үдерістерін, энергия көзі ретінде Күнге қатысты, бұлттардың рөлін суреттеу.</p> <p>3. Салыстырмалы биіктіктегі және төмендегі климаттарды салыстыру (ұзақмерзімді және қыскамерзімді климаттық өзгерістер, ауа райы мәліметтерін түсіндіру/ карталар).</p>	<p>Литосфера. Жердің рельефі және оның саналуандығы. Материктер мен мұхиттар. Қазақстанның таулары: Орал, Алтай, Жоңғар Алатауы, Сауыр Тарбағатай, Солтүстік Тянь-Шань.</p> <p>Физикалық-географиялық жағдайы. Геологиялық құрылысы және оның рельефтің ерекшеліктеріне әсері және пайдалы жәндіктерді орналастыру.</p>	<p>Гидросфера және оның құрамы. Су айналымы. Гидросфера және оның құрам бөліктері. Судың қасиеттері. Табиғаттағы су айналымы және оның құрам бөліктері. Судың маңызы 6, 7-сынып курсында оқылады.</p>
<p>Жер ресурстары.</p> <p>1. Қолдану және сақтау.</p> <p>2. Жаңартылатын және жаңартылмайтын ресурстар.</p> <p>3. Түрлі энергия көздерінің артықшылықтары және кемшіліктері.</p> <p>4. Кәдімгі агромәдени әдістері мен жерді жерді қолдануды түсіндіреді.</p> <p>5. Таза судың жетістіктерін суреттеу. Суды сақтау.</p>	<p>Климат және агроклиматтық ресурстар.</p> <p>Климаттүзуші факторлар және Қазақстанның климатын қалыптастыру. Өз жерінің климаты және ауа райын болжау. Ең жоғары және ең төмен температура, жауын-шашын мөлшері. Климаттық жағдайлардың өмір салтына, денсаулыққа, тұрғындардың шаруашылық іс-әрекеттеріне әсері. Агроклиматтық ресурстар. Қазақстанның агроклиматтық картасы. Ішкі сулар және су ресурстары. Судың табиғаттағы және шаруашылықтағы маңызы. Мелиорация. Суды пайдалану және оның сапасы мен көлемін сақтау жолдары. Су және жергілікті су ресурстары, оларды қорғау.</p>	<p>Сәйкес келеді.</p>
<p>Күн жүйесіндегі және Ғаламдағы Жер.</p> <p>1. Жердің, Айдың және Күн жүйесіндегі басқа да денелердің қозғалысына, қашықтығына және мөлшеріне қатысты құбылыстарды түсіндіру.</p> <p>2. Жердің, Күннің және басқа ғаламшарлардың физикалық ерекшеліктерін салыстыру.</p> <p>3. Күн жүйесіндегі гравитацияның рөлі.</p>	<p>Жұлдыздар жүйесі. Күн – бізге жақынырақ жұлдыз. Күн жүйесі. Жер және Күн жүйесінің басқа ғаламшарлары. Жұлдыздардың қозғалысы. Ғарышты зерттеу. Жер – Күн жүйесінің ғаламшары. Жер Ғаламның бөлшегі ретінде. Жердің Күн жүйесіндегі орны. Жер мөлшері. Жердің өз осімен айналуы. Жердің Күн ді айналуы. Жердің жасанды серіктері. Жер туралы білімді дамыту.</p>	<p>Сәйкес келеді.</p>

Батыс елдерінде географияны оқып-үйретуді біржақты бағалау қиын. География элементтері басқа оқу пәндерінің мазмұнынан тұратын кіріктірілген курстардың құрамына кіреді (экология, экономика, геология). Ұлыбритания үкіметі бүкіл елге міндетті оқу пәндерінің бірыңғай тізімін бекіткен жана ұлттық жоспарын іске қосты. Бұл тізімге 9 пән, оның ішінде география енді. Мектептің жоғары буынында элективті жүйе жұмыс істейді, оқушылардың жартысы географияны тереңдетіп оқу үшін және бітіру емтиханын тапсыру үшін таңдайды. Англияның әдіскер-географтары екі себепті атап көрсетеді: 1. Оқытудың практикалық бағыттылығы, географияны оқып-үйренудегі зерттеу жұмыстарының маңызды рөлі. 2. Мектептегі географияның мазмұнын ізгілендіру. Бұл екі бағыт аймақтық негізде зерттеуді қамтиды, ал білім беруді ізгілендіру балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келеді және зияткерлік дамуы, адамгершілік тәрізді тұлғаның басқа да қырларына қатты әсер етеді.

География сабағын дамытудың заманауи қағидалары оқытуды ұйымдастыру формаларының әртүрлілігімен тығыз байланысты: саяхаттар мен жорықтар, далалық практикалық жұмыстар, шағынқорықтардың экологиялық жолдарындағы жұмыс. Заманауи әдіс-тәсілдер әр түрлі оқу пәндерінің екі-үш мұғалімі арқылы жүргізілетін пәнаралық сабақтарды қажет етеді. Оқыту тәсілдері, мысалы, зерттеулік, проблемалық баяндау және ұйымдастыру формаларының әртүрлілігі, әсіресе топтық, ұжымдық – оқушыларды тәрбиелеуде және дамытуда маңызды рөл атқарады.

Батыс елдеріндегі география сабағының кейбір ерекшеліктері географияны оқытудың мақсатын анықтайды, онда бірінші кезеңге оқушыларды танымдық еркіндікке ынталандыру жатады, ал қабілеттікті дамытуға және практикалық дағдыны қалыптастыруға, білім жүйесін меңгеруге аз көңіл бөлінеді. Осыған сәйкес, мұғалімдер алдымен оқушылардың жеке танымдық – зияткерлік және практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағдар жасайды. Мұғалім ақпарат көзі болып табылатын «Оқытудың дидактикалық стилінде» мұғалімнің ақпарат көзі болатындығын негізінен жоғары буын өкілдерін бақылауға болады. Сондықтан, орта сынып сабақтарында жергілікті географияны оқып үйренуге байланысты оқушылардың топтық жұмыстары басымдыққа ие болады. Батыс педагогтардың пікірі бойынша, балалардың шынайы ситуацияларды сезінуіне, проблеманы онымен бетпе бет келген адамның көзімен көруге көмектесетін ойындар әр уақытта қолданылады.

Қазақстандық және әлемдік білім беру жүйелерінің үздік дәстүрін үйлестіретін мектепте білім берудің инновациялық моделін қалыптастыру қазіргі заманғы білім берудің объективті қажеттілігі болып табылады. Осындай модельді жасау білім беру мазмұнын, оқыту әдістемелерін, оқу жетістіктерін бағалау қағидастарын, қалыптасқан мектеп құрылымын, өзара қарым-қатынас жүйесін өзгертуді талап етеді.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшелігі – құрылымы және мазмұны жағынан орта білімге арналған үздік шетелдік куррикулумдарға сәйкес келуі. Бұл ретте бағдарлама құрамына мерзімді жоспарлардың (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар) кіретінін айта кеткен жөн:

– ұзақ мерзімді жоспар – бұл оқу бағдарламасының жалғасы, онда пәндік мазмұн нақтыланады;

– орта мерзімді жоспар – бұл ұзақ мерзімді жоспармен қалай жұмыс істейтінін егжей-тегжей сипаттайтын, оқу материалын сынып ішінде және сыныптар арасында байланыстырып көрсететін жұмыс сызбасы;

– қысқа мерзімді жоспар – бұл жеке сабақ үлгісі.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде география пәнін оқытуда жүйелік-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру – алдыңғы орынға қойылатын талап.

Оқыту мақсаттары (сабақтың мақсаттары) оқушылардың әрекеттерінен көрінетін оқыту нәтижелері арқылы тұжырымдалады (ол нені біледі, түсінеді, және т.б.). Оқыту мақсаттарына келесі талаптар қойылады:

- деректерді, ұғымдарды және т.б. меңгеруге бағытталуы;

- мақсаттардың операциялық тұрғыдан анықталуы;

- мақсаттардың нақты болуы;

- мақсатқа қол жеткендігін айқын анықтауға мүмкіндік беретіндей нақты тұжырымдалуы;

- мақсаттар, мақсатқа жетуге қажетті міндеттердің толықтығын білдіруі тиіс;

- мақсаттардың уақытша айқындылыққа ие болуы (мерзімділік – белгілі бір академиялық мерзімге сай болу) [13].

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінде географияны оқытудың әдістемесі мен тәжірибесі аса назар аударатын мәселелерді көрсетті, олар:

– оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары және функционалдық сауаттылықты дамыту;

– оқушылардың шығармашылық әрекетін дамыту;

– география тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту;

Ұсыныстар:

– географияны оқытудың сапасын көтеру бойынша жұмысты белсендендеру, сонымен қатар оқушылардың дайындық деңгейіне назар аудару;

– оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін енгізу, сыныптан тыс жұмысты, үйірме жұмысын, қолданбалы курс тақырыптарын түрлердіру;

– оқыту барысында отандық және шетелдік оқу құралдарында орын алатын терминологиялық айырмашылықтарды ескеру;

– педагог мамандардың біліктілігін арттыру жүйесінде мұғалімдерді оқытудың әдістемесін жетілдіру;

– «География» пәнінің оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жақсарту;

– географиялық білім беруде АКТ қолдануды белсендендіру;

– географ-ғалымдардың, мұғалімдердің, білім беру ұйымдарының, жаңашыл педагогтардың озық тәжірибесін тарату.

4 Жалпы білім беретін мектептердегі география бойынша білім берудің жағдайы

Педагог мамандарды дайындау, олардың біліктілігін жетілдіру білім беруді жаңартуды қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі болып табылады.

2014 жылдағы «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы жасаған Ұлттық баяндама мәліметтері көрсетіп отырғандай, соңғы жылдары Қазақстанның жалпы білім беру мектептерін мамандармен қамтамасыз етудің оң динамикасы байқалады: 2013 жылы жалпы білім беру мектептерінде мұғалімдер саны 294897 адамды құрады, бұл 2011 жылғы көрсеткіштен 8527 адамға артық. Бірақ, мамандардың жетіспеушілігі біздің республикамызда әлі де орын алып отыр. Жекелей алғанда, педагогикалық жоғары оқу орындарында география пәні бойынша 60 вакансияға 399 түлектен келеді, осыған байланысты, жалпы алғанда республика бойынша географ-мұғалімдердің жетіспеушілігі болмауы тиіс (13-кесте). Алайда, жалпы білім беру мектептерінде оларға деген сұраныс әлі де өз күшінде қалуда. Бұл, өз кезегінде, жас мамандардың мұғалімдіктен гөрі басқа мамандықтарды қалайтынын көрсетеді.

13-кесте – География мұғалімдерінің сандық көрсеткіші және Қазақстанның жалпы білім беру мектептеріндегі педагог мамандарға қажеттілік

Аймақтар	География мұғалімдерінің сандық көрсеткіші	Педагог мамандарға қажеттілік
ҚР	9 809	60
Ақмола	420	2
Ақтөбе	538	6
Алматы	1 222	5
Атырау	369	5
БҚО	398	4
Жамбыл	726	0
Қарағанды	617	3
Қостанай	464	0
Қызылорда	769	1
Маңғыстау	267	2
ОҚО	1 913	0
Павлодар	368	0
СҚО	431	20
ШҚО	747	12
Астана қ.	160	0
Алматы қ.	400	0

Дереккөз: ҚР БҒМ деректері

Аймақтық аспектіде мамандар жетіспеушілігіне қатысты аса қолайсыз жағдай Солтүстік Қазақстан (20 мұғалім) және Шығыс Қазақстан облыстарында (12 мұғалім) жетіспейтіні байқалса, ал қалған облыстарда мамандарға жетіспеушілік соншалықты көп емес (14-кесте).

Қазақстан Республикасы бойынша география пәні мұғалімдерінің соңғы 3 жылдағы жалпы саны, сонымен бірге жоғары, 1-ші және 2-санатты мұғалімдердің сапалық құрамының (13-сурет) талдауы, жалпы алғанда, оң динамиканы көрсетеді.


14-кесте – География мұғалімдерінің сапалық құрамы

	Мұғалім дер саны	Жоғары санат	1 санат	2 санат	Санаты жоқ	Зейнеткер лер	Мамандығы бойынша жұмыс істейтіндер
Қызылорда облысы							
2012-2013	589	21	189	225	154	0	0
2013-2014	624	25	202	232	165	0	0
2014-2015	642	34	226	235	147	0	0
Ақмола облысы							
2012-2013	419	75	127	91	126	19	0
2013-2014	420	79	111	101	129	25	4
2014-2015	467	85	116	130	136	21	2
Павлодар облысы							
2012-2013	310	62	74	95	79	10	22
2013-2014	368	58	108	99	103	9	20
2014-2015	357	69	112	80	96	9	6
Маңғыстау облысы							
2012-2013	245	38	40	68	99	8	0
2013-2014	263	43	42	70	108	5	0
2014-2015	287	52	49	74	112	18	0
Солтүстік Қазақстан облысы							
2012-2013	543	92	155	154	142	15	10
2013-2014	509	98	147	132	132	12	14
2014-2015	474	94	146	130	104	16	9
Қостанай облысы							
2012-2013	491	64	117	114	196	7	7
2013-2014	475	66	119	113	177	4	9
2014-2015	483	71	116	121	175	9	10
Жамбыл облысы							
2012-2013	703	157	207	182	157	14	0
2013-2014	726	180	190	200	156	12	0
2014-2015	705	165	193	203	144	4	0
Шығыс Қазақстан облысы							
2012-2013	738	131	179	184	244		5
2013-2014	736	132	176	184	241		3
2014-2015	732	141	194	157	240		2
Ақтөбе облысы							
2012-2013	503	79	135	136	153	12	0
2013-2014	538	81	135	147	175	10	0
2014-2015	534	80	141	140	173	6	1
Алматы қ.							
2012-2013	377	149	77	79	72	8	0

2013-2014	401	160	78	80	83	12	0
2014-2015	416	159	79	80	98	15	0
Астана қ.							
2012-2013	80	28	27	10	15	-	2
2013-2014	86	22	32	15	17	-	2
2014-2015	90	26	34	16	14	-	-

Дереккөз: ҰБДҚ деректері


Қазіргі уақытта (2014-2015 оқу жылының деректері) санаты бар география пәні мұғалімдерінің республика бойынша орташа үлесі 77,3% құрайды. Маңғыстау (61%) және Қостанай (64%) облыстарында санаты бар география пәні мұғалімдерінің үлесі төменірек, сондай-ақ Астана қаласы (84%) және Жамбыл облысы (80%) көрсетілген аспект бойынша көшбасшылар болып табылады (13- сурет). Жоғары санатты мұғалімдердің ең жоғары үлесі Алматы (38%) және Астана (29%) қалаларында, ең төмен үлесі – Қызылорда облысында (5%) байқалады. Осыған қарамастан, 1-ші және 2-ші санатты география пәні мұғалімдерінің жиынтық үлесінде Қызылорда облысы (74%) көшбасшы болып танылды.



13- сурет – 2014-2015 оқу жылындағы санаты бар мұғалімдердің (география пәні мұғалімдерінің жалпы санынан алғанда, %) аймақтар бойынша үлесі

Мұғалімдердің жалпы санына шаққанда санаты жоқ география пәні мұғалімдерінің жоғары үлесі Маңғыстау (39%), Қостанай (36%), Шығыс Қазақстан (33%) және Ақтөбе (32%) облыстарында байқалды (14-сурет). Маңғыстау, Ақмола облыстары, Алматы қаласы, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында мамандардың жетіспеушілігі зейнеттік жастағы география пәні мұғалімдер есебінен (6%, 4%, 4%, 3%, және 3% сәйкесінше), және Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында (2%-ға) дипломда көрсетілген мамандығына сәйкес келмейтін мұғалімдер есебінен толықтырылды.

Мамандармен қамтамасыз ету бойынша қызметті жоспарлағанда республиканың жалпы білім беретін мектептерінде аталған аймақтарға көңіл бөлген жөн.



14-сурет – 2014-2015 оқу жылындағы санаты жоқ, зейнеткерлік жастағы және мамандығына сәйкес емес жұмыс істейтін мұғалімдердің (география пәні мұғалімдерінің жалпы санына алғанда, %) аймақтар бойынша үлесі

Білім беруді жетілдіру және инновациялық даму жағдайында мамандардың біліктілігін көтеру және қайта дайындау күрделі мәселе болып табылуда. Бұл міндет кәсіби құзырлылықты тереңдетуге және дамытуға бағытталған оқытудың жаңа технологиясына көшуді қамтамасыз етудің жолы арқылы жүзеге асуы мүмкін. Педагогикалық ұжымдарға әдістемелік көмек беру және олардың кәсіби өсуін қамтамасыз ету «Өрлеу» Біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы («Өрлеу» БАҰО АҚ) және «НЗМ» АҚ «Педагогикалық шеберлік орталығы» арқылы жүзеге асырылады.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формаларын (шеберлік сыныптар, тренингтер, іскерлік ойындар, шағын топтардағы жұмыстар және т.б.), оқытудың технологиялары мен әдістерін (кейс-технология, сыни тұрғысынан ойлау технологиясы, жобалау әдісі, іс-әрекеттік зерттеулер және т.б.) қолдана отырып, құзырлылық амалы негізінде әлемдік озық практиканы есепке ала отырып, «Өрлеу» БАҰО АҚ тақырыптық курстары құрылды. Қазақстан Республикасының «Өрлеу» БАҰО АҚ-да аймақтық филиалдар жұмыс істейді. Деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарын сапалы жүзеге асыру мақсатында 2013 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарында Деңгейлік бағдарламалардың орталығы құрылды. Мұндай орталықтарда ДББҰ «НЗМ» ААҚ педагогтық шеберлік орталығында оқыған тренерлер курстары (201 адам) өткізіледі.

15-кестеде 2013-2014 жылдары «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарында оқыған география пәні мұғалімдерінің саны көрсетілген, мұнда 2013-2014 жылдары оқығандардың жалпы санының кемігені байқалады. Осы уақыт аралығында ең көп маман дайындағаны: Алматы (97 адам), Оңтүстік Қазақстан (88 адам) және Қызылорда (72 адам) облыстарының филиалдары, ең азы – Маңғыстау облысы (15 адам) және Алматы қаласы (16 адам) филиалдары болып отыр.


15-кесте – 2013-2014 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің саны

Аймақтар	География пәні мұғалімдерінің сандық құрамы	2013ж.	2014ж.	Барлығы	География пәні мұғалімдерінің барлық санына шаққанда, %
Ақмола	420	0	19	19	4,5
Ақтөбе	538	32	17	49	9,1
Алматы	1 222	46	51	97	7,9
Атырау	369	13	6	19	5,1
ШҚО	747	26	28	54	7,2
Жамбыл	726	36	25	61	8,4
БҚО	398	22	23	45	11,3
Қарағанды	617	28	23	51	8,3
Қостанай	464	18	16	34	7,3
Қызылорда	769	42	30	72	9,4
Маңғыстау	267	9	6	15	5,6
Павлодар	368	36	9	45	12,2
СҚО	431	26	14	40	9,3
ОҚО	1 913	45	43	88	4,6
Алматы қ.	400	12	4	16	4
Астана қ.	160	20	8	28	17,5
ҚР	9 809	425	262	687	7

Дереккөз: ҚР БҒМ деректері

2013-2014 оқу жылдарында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарының біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің аймақтар бойынша пайыздық үлесі 15-суретте көрсетілген.

Республика бойынша соңғы екі жылда география пәні мұғалімдері, олардың жалпы санына шаққанда, орташа есеппен 7%-біліктілігін арттырған. Бұл көрсеткіште көшбасшы Астана қаласы (17,5%), одан кейін Павлодар (12,2%), Шығыс Қазақстан (11,3%), Солтүстік Қазақстан (9,3%) және Ақтөбе (9,1%) облыстары болып табылды. «Өрлеу» БАҰО АҚ курстарын өткен мұғалімдердің үлесі Алматы қаласында (4%), Ақмола (4,5%), Оңтүстік Қазақстан (4,6%) облыстарында азырақ.



15-сурет – 2013-2014 оқу жылдарында «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдарының біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің аймақтар бойынша үлесі (география пәні мұғалімдерінің жалпы санына шаққанда, %)

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдары тыңдаушыларының жұмыс тиімділігін талдау көрсеткендей, деңгейлік бағдарламалардың концепциялық идеяларын тарату республика бойынша тұтастай алғанда педагогтер қауымдастығы, білім беру ұйымдарының басшылары, ата-аналар және оқушылар тарапынан оң баға алды. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымдары Кембридж Университетінің білім беру факультетінің эксперттерімен бірге Қазақстан Республикасындағы педагог қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курстарының деңгейлік: мектепте күндізгі дайындықты және практикалық жұмысты үйлестіретін бірінші (озық), екінші (негізгі), үшінші (базалық) бағдарламалары әзірленді. Зияткерлік мектептердің деңгейлік бағдарламаларын және тәжірибелерін таратуды тиімді жүзеге асыру мақсатында Педагогтық шеберлік орталығының (бұдан әрі – ПШО) 16 филиалы Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал, Өскемен және Шымкент қалаларында ашылды.


16-кесте – 2012-2014 оқу жылдары аралығында «НЗМ» ПШО біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің саны

	География пәні мұғалімдерінің сандық құрамы	2012	2013	2014	Барлығы	География пәні мұғалімдерінің барлық санынан алғанда, %
Ақмола	420	5	8	9	22	5,2
Ақтөбе	538	1	7	13	21	3,9
Алматы	1 222	2	29	22	53	4,3
Атырау	369	1	14	3	18	4,9
ШҚО	747	7	11	19	37	4,95
Жамбыл	726	2	20	23	45	6,2
БҚО	398	4	10	5	19	4,8
Қарағанды	617	-	18	18	36	5,8
Қостанай	464	4	9	7	20	4,3
Қызылорда	769	3	12	11	26	3,4
Маңғыстау	267	1	3	5	9	3,4
Павлодар	368	2	10	10	22	5,98

СҚО	431		4	13	17	3,9
ОҚО	1 913	6	43	36	85	4,44
Алматы қ.	400	9	8	14	31	7,8
Астана қ.	160	1	12	6	19	11,9
ҚР	9 809	48	218	214	480	4,9

Дереккөз: ҰБДҚ деректері

16 -кестеде 2012-2014 оқу жылдары аралығында «НЗМ» ПШО біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің саны көрсетілген. Жалпы алғанда, Қазақстан бойынша «НЗМ» ПШО курстарын өткен география мұғалімдері санының 2012 жылы 48-ге, 2013 жылы 218-ге, 2014 жылы 214-ке өсуі байқалады. Зерттелген жылдар аралығында мамандардың біліктіліктерін арттыруда Оңтүстік Қазақстан (85 адам), Алматы (53 адам), Жамбыл (45 адам) және Қарағанды (36 адам) облыстары көшбасшы болып табылды. Маңғыстау облысы мамандар дайындығын бәрінен аз жүргізеді – үш жылда 9 адам.



16-сурет – 2013-2014 оқу жылдары аралығында «НЗМ» ПШО біліктілікті арттыру курстарында оқыған география пәні мұғалімдерінің аймақтар бойынша үлесі (география пәні мұғалімдерінің жалпы санынан алғанда, %)

Қазақстан бойынша 2013-2014 оқу жылдары аралығында НЗМ педагогтық шеберлік орталығының біліктілікті арттыру курстарында география пәні мұғалімдерінің пайыздық қатынастағы үлесі 4,9% болып шықты. «НЗМ» ПШО және «Өрлеу» БАҰО АҚ мамандарды дайындау талдауының қорытындысы көрсеткендей, география мұғалімдерін біліктілікті арттырумен қамту деңгейі жеткіліксіз екендігін көрсетті: география мұғалімдерінің жалпы санына шаққанда сәйкесінше 4,5% және 7%. Мамандарды дайындау «НЗМ» ПШО бағыты бойынша да, «Өрлеу» БАҰО АҚ бағыты бойынша да мамандарды дайындауда Астана қаласы аса белсенді болып танылды. Алматы қаласы «Өрлеу» БАҰО АҚ бағыты бойынша дайындалған мұғалімдер санының ең төмен деңгейін көрсетті, дегенмен «НЗМ» ПШО бағыты бойынша оның белсенділігі Астана қаласынан кейінгі орында. «НЗМ» ПШО және «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалдары Павлодар, Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарында салыстырмалы түрде жақсы нәтиже көрсетті.

Осылайша, талдау көрсеткендей, республика бойынша жалпы білім бері мектептеріндегі география пәні мұғалімдерімен қамтамасыз ету жағдайы тұтастай алғанда жаман емес: мамандар жетіспеушілігі салыстырмалы түрде көп емес. Республикадағы педагог мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстарын күшейту қажет.

География сабақтары арнайы кабинеттерде жүзеге асырылады және картографиялық, көрнекілік құрал-жабдықтардың, аспаптар мен жалпы қолданыс құралдарының, көрнекілік және басқа құралдардың, интернет ресурстардың, техникалық оқыту жабдықтарының болуы қамтамасыз етіледі. Географияның перспективті кабинетінде электрондық оқыту жүйесі болу қажет (ЭОЖ), ол өз кезегінде «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының жеке тақырыптарын оқытуда орбитальды кешендермен байланысты жүзеге асыруға, ғаламшар аймақтары бойынша виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік береді. Ғарыш аймағына ие болушы елдердің оқушылары («Байқоңыр» ғарыш айлағы) осындай мүмкіндікке ие болуы қажет.

Жалпы орта білім беру ұйымдарының оқу әдебиеттерімен қамтылуы. Мектеп кітапханасының қоры білім беру ұйымдарының білім алушыларының контингентіне сәйкес құрастырылады. Еліміз бойынша оқулықтармен қамтылған жалпы оқушылар саны 98% құрайды. ҚР БҒМ мәліметтері бойынша, білім беру ұйымдарының, олардың республика бойынша жалпы санына шаққанда, 88,9% – да кітапханалар жұмыс істейді. Кітапхана қажетті ақпараттың көзі ретінде оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ететін факторлардың бірі болып табылады. Осыған орай, «білім қоймасын» баспа түрінде, электрондық оқу құралдары түрінде де қажетті ресурстармен лайықты түрде қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Педагогиканың дамуыкөптеген жылдар бойыоқу мен тәрбиенің жаңа құралдарының, формаларының және әдістерінің ашылуымен сүйемелденіп отырды. Оқу мен тәрбиенің үдерісін ұйымдастыруға бағытталған жаңа амалдар мен көзқарастар, әлеуметтік шарттар мен талаптардың өзгеруіне жауап ретінде туындайды. Бүгінде әрбір педагог оқу үдерісін жетілдірудің, оқушылардың қызығушылығы мен оқу үлгерімін арттырудың аса тиімді жолдарын іздейді.

